



Қасым-Жомарт Тоқаев Астана төрінде бас қосқан әлемнің ең беделді рухани көшбасшылары мен басқа да қатысушыларға ілтипат білдіріп, Съезд жұмысына қолдау көрсеткендері үшін алғыс айтты.

— Қазір жер жүзінде сын-қатерлер көбейіп, халықаралық ахуал ушығып тұр. Соның салдарынан түрлі қақтығыстар көбеюде. Алмағайып кезең ешкімге оңай болып жатқан жоқ. Өкінішке қарай, соғыстың сипаты мен болмысы белең алууда. Дегенмен біз өткен заманнан дұрыс сабақ алып, сындарлы әрі ашық келіссөздерге ұмтылуымыз керек. Мәмілеге балама жоқ. Бұл тұрғыдан алғанда, бүгінгі Съезд мән-маңызы айрықша. Дін басшыларын гуманистік көзқарастарды ту еткен Бейбітшілік елшілері деп айтуға болады. Сіздер ортақ мүдде үшін бірігіп, әлем жұртшылығын игі мақсат жолында жұмылдыруға ниет білдіріп отырсыздар. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Съезд алғаш қызметін бастаған сәттен бері қазіргі заман сын-қатерлерін ашық талқылайтын бірегей алаңға айналды. Конгреске қатысушылардың ұсынымдарына сәйкес, Съездің 2033 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы әзірленіп, ол жүзеге асырылып жатыр.

— Аталған құжат біздің бейбітшілікті сақтау, тату-тәтті өмір сүру және баршаға ортақ адамгершілік құндылықтарын берік орнықтыру секілді ортақ мақсатымызды айқындайды. Геосаяси шиеленіс ушыққан заманда мұның бәрі айрықша маңызды. Съездің қорытынды декларациясы ресми құжат ретінде БҰҰ Бас Ассамблеяларында таралады. Бұл съезд жұмысына берілген жоғары баға. Алдағы мерейтойлық 80-ші сессияда да аталған үрдіс жалғасады деп үміттенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан территориясы ежелден түрлі мәдениеттер тоғысып, өркениеттер өзара біте қайнасқан мекен екеніне назар аударды.

— Қазақ даласында әлемдегі ең негізгі діндер мен конфессиялардың барлығы дерлік тараған және бір-бірімен жарасым тапқан. Біз қазіргі Қазақстанда да осы игі дәстүрді сақтап, одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді саламыз. Еліміздің этносаралық және дінаралық келісімді нығайтуда тәжірибесі мол. Қазақстанның этностық әрі діни толеранттық моделі «Бірлігіміз — әралуандықта» қағидатына сүйенеді. Бұл ұстаным тіпті әлемдік өлшем тұрғысынан бірегей саналатын Қазақстан халқы ассамблеясының қызметінде де көрініс тапқан. Тарихтың өзі қалыптастырған халқымыздың төзімі, ынтымақ-бірлігі мен кең дүниетанымы бүгінде еліміздің бейбітсүйгіш, теңгерімді сыртқы саясатынан анық аңғарылады. Бұл саясат сенімге, диалогқа және ынтымақтастыққа негізделген. Жалпыға ортақ осы құндылықтар мен қағидаттар барша халықтар мен мемлекеттер үшін де маңызды екеніне сенімім кәміл, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев кеше Съезд аясында БҰҰ Өркениеттер альянсының діни нысандарды қорғау жөнінде арнаулы сессиясы ұйымдастырылғанын атап өтіп, жаһандағы гуманистік күн тәртібін ілгерілетуге сіңірген еңбегі үшін Альянстің жоғарғы өкілі Мигель Анхель Моратиносқа ризашылығын білдірді.

## ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ VIII СЪЕЗІНІҢ АШЫЛУЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

— Киелі діни орындар мен нысандарды қорғау арқылы біз, шын мәнінде, адамзат өркениетінің қайнар көзін сақтаймыз. Қазақстанда 18 конфессияға тиесілі төрт мыңға жуық діни бірлестік бар. Біз ЮНЕСКО-ның



Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі секілді киелі жерлерді, ертеде және қазіргі заманда бой көтерген мешіттерді, православие мен католик шіркеулерін, Алматыдағы будда орталығы мен «Бейт Рахель Хабад Любавич» сияқты синагогаларды қорғап, қолдау көрсетеміз. Мемлекет діни қауым үшін ерекше маңызға ие барлық қасиетті орындардың сақталуын өз қамқорлығына алған. Маңғыстаудағы Бекет ата мешіті, Іле өзенінің жағасындағы Тамғалы тас будда петроглифтері, Алматыдағы Леви-Исхак Шнеерсонның қабірі, католиктер айрықша ардақтайтын Солтүстік Қазақстандағы Мәриямкөл — осының жарқын мысалы. Киелі жерлер наным-сенімі әртүрлі адамдарды біріктіріп, ұрпақтар сабақтастығы мен рухани байланысты сақтайды. Сондықтан біз үшін бұл жай ғана сәулеттік немесе тарихи ескерткіш емес, бейбітшіліктің, өзара құрмет пен халқымыздың мәдени саналуандығының символы, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, соңғы өткен Съезден бері әлемде өте жағымсыз үрдістер белең алды. Кейбір саясаткерлер мен сарапшылар бұған «өркениеттер дағдарысы» деп айдар тақты.

— Киплингше айтсақ, «Батыстың аты — Батыс, Шығыстың аты — Шығыс. Олар ешқашан бір арнада тоғыспайды». Бірқатар ірі мемлекетте орын алған кейінгі уақиғаларды шолып өтсек, мұндай ұйғарымның дұрыс көрінуі мүмкін. Бірақ саяси факторды ешқашан естен шығаруға болмайды. Басқаша айтқанда, басқарушы биліктің мемлекеттік құрылым туралы тұжырымы мен тәжірибесін қаперде ұстаған жөн. Олар жүргізетін саясаттың бейбіт диалогты қолдау, мәдениеттердің, түрлі дін мен дүниетанымның ықпалдастығы тұрғысынан әрдайым орынды әрі конструктивті болса бермейтінін көріп отырмыз. Әсіреұлтшылдық пен жалған патриотизмнің күн санап белең алуы алаңдатпай қоймайды. Қалыптасқан түсініктердің көз алдымызда өзгеруі жастарды адастырады. Бір жағынан біз құқықтық консервативті және либералды идеологиялардың қақтығысына куәміз. Бұл бірқатар елді саяси тұрақсыздыққа әкеледі. Қазақстанда осы тектес жаһандық проблемаларға жіті назар аударылады. Бұл — ішкі саясатымыздың негізгі өзегі. Түрлі этнос, дін және ұлт өкілдері арасында толеранттылық пен өзара құрмет саясатын жүргізу маңызды деп санаймын. «Бірлігіміз

— әралуандықта» ұстанымына зиян келтіріп, оған күйе жаққысы келетін, соның ішінде мемлекеттік қызметте және қоғамдық орында елімізді тұрақты мекен ететін халықтардың тілін еркін қолдануға қарсы әрекеттерге қатаң тосқауыл қойылады. Оған «Заң және тәртіп» қағидатына сай құқықтық баға беріледі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанда соңғы жылдары анағұрлым орнықты, ашық әрі әділ саяси жүйе қалыптастыруға бағытталған ауқымды өзгерістер дейекті түрде жүргізілгенін атап өтті.

— Адам құқығын қорғау саласы айтарлықтай күшейді: Конституциялық сот құрылып, омбудсмен институты нығайды, арнайы заңдар мен жарлықтар шығарылды. Жалпыұлттық референдум кезінде азаматтарымыздың басым бөлігі қолдаған 2022 жылғы конституциялық реформа саяси жүйемізді түбегейлі жаңғыртты. Біз «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа алдық. Президентті жеті жылға бір рет сайлау тәртібі бекітіліп, сондай-ақ Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым атқаруға тыйым салатын нормалар енгізілді. Бұдан бөлек, жақында Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда елімізде бірпалаталы Парламент құру бастамасын көтердім. Аталған ұсыныс халық мүддесіне сай саяси жүйені жаңғырту ниетінен туындап отыр. «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы негізінде қоғамның тұрақтылығы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ішкі саясатымызда ерекше мән беріледі, — деді Президент.

Мемлекет басшысы инновацияны, соның ішінде жасанды интеллектің кеңінен енгізуге тоқталып, ұлттық экономиканы жаппай цифрландыру идеясы биылғы Жолдауының арқауы болғанына назар аударды.

— Соңғы жылдары Қазақстан экономикасын реформалауға қатысты ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Мен Жолдауда ұсынған жо-спарлар аталған бастаманы одан әрі өрбітеді. Бұл жерде еліміздің жаңа индустриалды қалыбын құру жөнінде сөз болып отыр. Энергетика және коммуналдық инфрақұрылым біртіндеп жаңғыртыла бастады. Қазақстан Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы негізгі құрлық дәлізі саналады. Сондықтан көлік-транзит әлеуетімізді арттыруға айрықша күш саламыз. Жаңа инвестициялық

к е з е ң д і бастауға және азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға ерекше көңіл бөлінеді. Осы орайда мемлекет инвестициялық ахуал мен іскерлік ортаны жетілдіруге кірісті. Ұлттық экономиканы дамыту ісінде мемлекеттің ауқымды қаржылық мүмкіндігін жұмылдырумен қатар, ірі инвестиция тартуға

тырысамыз. Дегенмен біздің басты байлығымыз — адам. Сол себепті мемлекет адам әлеуетін нығайту бағытында кешенді шара қабылдады. Ұстаздарды, дәрігерлерді, ғалымдар мен инженерлерді, жастарды қолдау тетіктері жаңа деңгейге көтерілді. Биыл Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Бұл шешім қоғамда еңбекқорлық культінің маңызды екенін көрсетеді. Біз жаңа мектептер құрылысына, жоғары білім, ғылым, спорт және креативті индустрия салаларын дамытуға, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерін жаңғыртуға қомақты қаржы бөліп отырмыз. Қоғамның экологиялық мәдениетін арттыру үшін жан-жақты шаралар қабылданды. Былтыр «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы басталып, оған миллиондаған отандасымыз қатысты. Мұның бәрі Әділетті, Таза, Қауіпсіз, Қуатты, Цифрлық Қазақстанды — жауапкершілігі жоғары азаматтардың мемлекетін, мүмкіндіктер мен прогрестер елін құру жолындағы басты бағдар саналады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлемде мәдениеттер арасындағы қарама-қайшылық күшейіп, сауда және санкция текетірестері бәсеңдемей тұрғанына, жаппай қарусызданудың орнына әскерді жарақтандыру жарысы басталып кеткеніне тоқталды.

— Дүние жүзінің әртүрлі аймағында жүріп жатқан гибриді соғыстардың майдан шебі айқын емес. Алайда қисапсыз адам шығынына ұшыратып, толассыз босқындар нөпіріне түрткі болуда. Экономикаға орасан зор залал тигізіп отыр. Ядролық қақтығыс қаупі қатты алаңдатады. Сарапшылар зұлымдық пен мейірімділік тартысқа түсетін мұндай шешуші сәттің болуы ықтималдығы соңғы он жылда күрт артқанын жиі айта бастады. Өкінішке қарай, әлемде конструктивті ұсыныстарды ортаға салып, саяси ұстамдылық танытуда гөрі ешпәнділік өршіп, геосаяси жіктің арасы алшақтап, әлеуметтік шиеленіс одан сайын ушығып барады. Менің ойымша, мұндай қилы кезеңде диалогқа шақыратын, бірінбірі жатсынуды доғаруға үндейтін, халықаралық аренадағы өзара сенімді арттыратын басты амал ретінде конструктивті дипломатия алдыңғы орынға шығуы керек, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, өркениеттер байланысын

дамытуда, сондай-ақ адамдар мен қоғам арасындағы сенімді нығайтуда айрықша рөл атқаратын дінбасыларына зор үміт артылады.

— Діни қайраткерлер саясаткерлерді парасаттылыққа, ізгілікке және моральдық жауапкершілікке үндеп, әлемнің құрдымға кетуіне жол бермеу үшін қолдан келгенін бәрін жасайтынына сенімдімін. Дүние жүзінде мұндай үлгі тұтар талпыныстар жоқ емес. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, Адамзат бауырластығы туралы құжат, Мекке декларациясы, Бахрейн форумы, Біріккен Араб Әмірліктеріндегі «Ибраһим зәуазатының үйі» — осы бастамалардың барлығы тізе қосып әрекет етсе, дін ұйыстырушы күшке айналатынын көрсетеді. Мұндай тәжірибені одан әрі дамытып, кеңінен тарату қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан әрі Президент Қазақстанның дінаралық және мәдениетаралық диалогты нығайтуға қатысты ұстанымымен бөлісті.

— Халықаралық және өңірлік ұйымдар деңгейінде діни дипломатияның әлеуетін пайдалану маңызды. Осыған дейінгі Съезд аясында көтерген «Бейбітшілік қозғалысы» атты идеямы талқылауды ұсынамын. Жоғарғы дін қызметкерлері зорлық-зомбылықты тоқтатуға және бітімге келу жолдарын іздеуге ешқандай саяси реңксіз, бейтарап үндеу жасау арқылы аталған қозғалысқа моральдық тұрғыдан демеу бола алар еді. Адам өмірінің құны, жанашырлық пен мейірдандық секілді жалпыға ортақ құндылықтарға негізделген бұл бастама діндар қауымды ғана емес, саясаткерлерді, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік емес құрылымдар өкілдерін, сарапшыларды, тіпті жастарды да біріктіре алады. Бейбітшілікті қорғау жолындағы үніміз әлдеқайда өршіл болуы қажет. Осы Съезд секілді алаңдар соған септігін тигізеді. Бұл ретте өзiрге әлемде баламасы жоқ Біріккен Ұлттар Ұйымына үлкен сенім артамыз. Орайлы сәтті пайдаланып, Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын ашу туралы еліміздің ұсынысына қолдау білдіргені үшін Ұйымға мүше барлық мемлекет мен ризашылығымызды білдіреміз. АӨСШК, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, ЕҚЫҰ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ассоциациясы, Араб мемлекеттері лигасы секілді өңірлік құрылымдардың рөлін күшейту қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, діни конфессиялар қай заманда да адамдарға түрлі қиындықтар мен тауқыметтерді еңсеруге көмектескен. Сондықтан адамның рухани қажеттілігі туралы сөз қозғалғанда, оның дүниелік мұқтаждықтарын да қаперден шығаруға болмайды.

— Елеулі жетістіктерге қарамастан, адамзат көптеген гуманитарлық сын-қатермен бетпе-бет келіп отыр. Миллиондаған адамдар аштықтан, індеттен, қоршаған ортаның азып-тозуынан және климат өзгерісінен зардап шегуде. Қазақстан кедейлікті азайтуға, экологиялық проблемаларды шешуге және гуманитарлық көмек көрсетуге айтарлықтай күш-жігер жұмылдырады. Бұл мәселелерді келесі жылы сәуір айында Астанада өтетін Экология және орнықты даму өңірлік саммитінде талқылау жоспарланған. Еліміз

# ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ VIII СЪЕЗІНІҢ АШЫЛУЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Басы 1-бетте

— мұсылман әлемінің қиыр солтүстіктегі ең үлкен аймағы. Отыз жыл бұрын біз Ислам ынтымақтастығы ұйымының мүшесі атандық. Осы беделді бірлестік аясында Қазақстан Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымының құрылуына бастамашы болды. Дін қайраткерлері әрқашан адамдарды жігерлендіріп, игі іс жасауға, жоқ-жітікке жәрдемдесуге шақырады. Діни қауымдар гуманитарлық миссиялар мен еріктілер бағдарламасын іске қосып, мектеп пен аурухана ашады. Жастар мен әлеуметтік әлсіз топтарға қамқорлық көрсетіп, климат пен миграция мәселесін қозғайды. Бұл ХХІ ғасырда да діннің жасампаз күшке ие екенін тағы бір дәлелдейді. Оның мүмкіндігін толық пайдалану қажет, — деді Президент.

Мемлекет басшысы әлем күрделі экологиялық қауіп-қатермен бетпе-бет келіп отырғанын, соның ішінде Орталық Азия оны ерекше сезінетінін жеткізді.

— Климат өзгерісі мұнда әлемдік деңгеймен салыстырғанда өте тез жүріп жатыр. Аймақта құрғақшылық жиі орын алып, мұздықтар еріп, тұщы судың қоры азайып келеді. Кез келген халықтың рухани дәстүрі табиғатты аялауға, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруге үйретеді. Өйткені Жер — Жаратушы сыйлаған ортақ үйіміз. Оған қамқорлық та-ныту — парызымыз. Климаттағы өзгерістер мен оның ауыр салдары — тек ғылыми немесе экономикалық мәселе емес, іргелі адамгершілік құндылықтар үшін сынақ. Біктимал экологиялық апаттардың алдын алу үшін халықаралық ынтымақты нығайту, сондай-ақ жаһандық және өңірлік деңгейде үйлесімді әрекет ету маңызды. Сондықтан Съезд аясында климат өзгерістеріне қарсы күрестегі дін көшбасшыларының рөлі туралы бірлескен құжат әзірлеуді ұсынамын. Аталған құжатта рухани дәстүрлерге негізделген және климат өзгерістеріне осал өңірлерді қолдауға ерекше мән беретін экологиялық жауапкершіліктің жалпыға бірдей қағидаттарын бекітуге болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент әлемнің жаңа технологиялық дәуірге қадам басқанына назар аударды.

— Жасанды интеллект, үлкен дерекқор, биоинженерия және басқа да революциялық жаңашылдықтар адамның тұрмыс-тіршілігін түбегейлі өзгертті. Бірақ этикалық нормалар технологиялық прогрестің қарқынына ілесе алмай жатыр. Таңдау құқығы мен жеке өмірдің құпиялығын қорғау, цифрлық теңдікті және жасанды интеллекті пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету секілді көптеген дилемма салдарынан жаңа сын-қатерлер туындады. Дін көшбасшылары адамгершілік құндылықтар мен асқақ мұраттардың сақшысы ретінде адамзаттың цифрлық келешегі туралы пікірталасқа атсалысуы керек деп ойлаймын. Кез келген технология адам игілігіне қызмет етуге тиіс. Ол үшін дін көшбасшыларының, ғалымдар мен технократ-инженерлердің тұрақты диалогын ұйымдастыру қажет. Жасанды интеллект еліміздің қарқынды дамуына жол ашады. Өйтсе де этикалық нормаларды сақтаудың маңызын жақсы түсінеміз. Сондықтан бұл бағытта кеңінен ынтымақтастық орнатуға әзірміз. Жасанды интеллектіні дамыту этикасы жөніндегі дінаралық комиссия құруды ұсынамын. Ол нейрожелілер мен басқа да серпінді технологияларды жауапкершілікпен пайдаланудың ембебап қағидаттарын әзірлеумен айналысады. Бұл жерде «алгоритмдерге арналған қағидалар» жинағын әзірлеу туралы сөз болып



отыр. Онда адамның қадір-қасиетін құрметтеу, дискриминацияға жол бермеу, аса маңызды шешімдерді бақылауда ұстау мәселелері ескерілуге тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Президент барлық негізгі діни дәстүрлер мейірімділік, әділдік, жақынына жанашырлық, бейбітсүйгіш қасиет секілді жалпы гуманистік құндылықтарды дәріптейтініне назар аударып, Қазақстанның осы ұстанымға бейіл екенін атап өтті. Сондықтан еліміз зорлық-зомбылықты, экстремизмді және өшпенділікті ақтап алу үшін дінді пайдалануға үзілді-кесілді қарсы деп мәлімдеді.

— Бүгінде көптеген ойшылдар постсекулярлық дәуірдің басталғанын жиі айтады. Яғни мұндай кезеңде дін қайтадан қоғамдық және саяси өмірдің маңызды факторына айналды. Біздің Съезд замана көшінен қалмауға тырысады. Сондықтан дін өкілдерінің диалогын ғалымдар мен сарапшылар қауымдастығымен күшейтеміз. Рухани даналық пен сарапшылар білімінің синтезі жаһандық және өңірлік деңгейдегі өзекті проблемалардың тиімді шешімін табуға жол ашуы мүмкін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Мемлекет басшысы болашақ жастардың қолында екенін жеткізді.

— Өскелең ұрпақ барлық дін және мәдениет өкілдерінің арасындағы өзара құрмет пен сыйластық рухын терең сезініп өсуі керек. Қазіргі жастар көптеген сын-қатермен бетпе-бет келіп отыр. Наным-сенімі, дүниетанымы әртүрлі болса да, оларды толғандыратын мәселелер — ортақ. Демек сол түйткілдердің шешімін де бірлесіп іздеу қажет. Сол себепті, Съезд аясында Жас дін көшбасшылары форумы екінші рет өткізіліп жатыр. Бұл форумға қатысушылар ашық пікір алмасуға, бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін көрсетті. Бәріміз рухани көшбасшылардың жаңа буыны қалыптасып жатқанын көріп отырмыз. Оларға қолдау көрсету — баршамызға ортақ парыз. Қазақ халқында «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, бәріміз күш-жігерімізді біріктірсек, жаһандық сын-қатерлерге төтеп бере аламыз. Біз Астана төрінде осымен сегізінші мәрте бас қосып отырмыз. Бұл дін басшыларының арман-мұраты ортақ екенін аңғартады. Бүкіл адамзатқа төнген түрлі қауіптерге бірігіп қарсы тұруға дайын екенін көрсетеді. Осы дөңгелек үстелдегі құрмет пен достық рухы дүние жүзін ынтымаққа бастасын! Игі мақсаттарға бірге жетейік, — деп түйіндеді сөзін Мемлекет басшысы.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінде Қасым-Жомарт Тоқаев форумның бір топ қатысушыларына мемлекеттік наградаларды, Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығын, Съездің құрмет медалін, сондай-ақ Ізгі ниет елшілерінің айрықша белгісін табыстады.

II дәрежелі «Достық» орденімен Дүниежүзілік даошылар

федерациясының төрағасы (ҚХР) Ли Гуанфу, Somaiya Vidyavihar университетінің президенті (Үндістан) Самир Шантилал Со-майя;

«Шапағат» медалімен Иран Ислам Республикасының Ислам мәдениеті және байланыстары ұйымының президенті Мухаммад Мехди Иманипур марапатталды.

Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығы БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Өркениеттер альянсы жөніндегі жоғары өкілі, БҰҰ ислам фобия-сымен күрес жөніндегі арнаулы өкілі Мигель Анхель Моратиносқа берілді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің құрмет медалімен:

1. Мисыр Араб Республикасының бас мүфтіі Назир Мұхаммед Аяд;
2. Татарстан Республикасы Мұсылмандар діни басқармасының төрағасы Камил Самигуллин;
3. Тәжікстан Республикасы Улемдер кеңесінің төрағасы Саидмукаррам Абдукодирзода;
4. Қасиетті Тақтың Дінаралық диалог директориясының префекті Джордж Джейкоб Кувакад;
5. Минск және Заславль митрополиті, бүкіл Беларусь Патриархының экзархы Вениамин (Виталий Тупеко);
6. Израильдің бас ашкеназ раввині Кальман Бер;
7. Израильдің бас сефард раввині Давид Йосеф;
8. Бахаи халықаралық қоғамдастығының бас хатшысы Дэвид Рутштейн;
9. Дүниежүзілік буддашылар бауырластығының президенті Фаллоп Тайари;
10. Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет ұйымының бас директоры Салим Мұхаммед әл-Малик;
11. Халықаралық түркі мәдениеті ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев;
12. Діни және дәстүрлі бітімгерлер желісінің атқарушы директоры Мұхаммед Эльсаноуси;
13. Еуразияның еврей қауымын қолдау жөніндегі ұлттық коалицияның атқарушы вице-төрағасы, бас атқарушы директоры Марк Барри Левин;
14. Біріккен Ұлттар Ұйымы Өркениеттер Альянсының директоры Нихал Саад;
15. Израильдің бас ашкеназ раввинінің өкілі Шломо Менахем Кук наградталды.

Ізгі ниет елшілерінің айрықша белгілерімен:

1. Исламабад халықаралық ислам университетінің Исламды зерттеу институтының бас директоры Мұхаммед Зия Уль-Хак;
2. БАӨ Толеранттылық және бейбіт қатар өмір сүру министрлігінің бас директоры Аффа Әл Сабри;
3. Мартин Лютер Инжіл-Лютеран одағының бас хатшысы Михаэль Хюбнер;
4. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің мақсаттары мен міндеттерін ілгерілету жөніндегі уәкілі Болат Сәрсенбаев марапатталды.

akorda.kz

## ЖЕТИСҮДА ТУРИЗМДІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ ҚҰРЫЛАДЫ: ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ АЯСЫНДА САЛАНЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жетісу облысында облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың төрағалығымен Президент Жолдауы аясында туризм саласын дамыту мәселелері бойынша кеңейтілген кеңес өтті. Кеңес жергілікті атқарушы органдардың, өңірдегі туристік саланың өкілдері, ұлттық табиғи парктардың, демалыс аймақтары мен базаларының, туристік клубтар мен кәсіпкерлік нысандарының жетекшілері қатысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бейбіт Исабаевтың айтуынша, Жетісу облысының туризмі 5 негізгі бағытқа негізделген. Олар - Алакөл, Балқаш көлдері, «Алтынемел», «Жоңғар Алатауы» ұлттық табиғи парктары және Жоңғар Алатауы тау сілемі.

- Туризм инфрақұрылымын дамыту - Президент Жолдауында айтылған маңызды тапсырмалардың бірі. Быыл туризм саласына бөлінетін қаражат көлемі облыстың даму бюджетінің 30% құрайды. Соның арқасында нысандардың қолжетімділігі, ең алдымен жол, су, жарық мәселесі шешілуде. Алакөлге дейінгі жол жаңғыртылып, Балқаш көліне дейінгі жол көлік қатынасы үшін ашылды, келесі жылы абайтандыру жұмыстары аяқталғаннан кейін жол толық пайдалануға беріледі. Жасылкөлге дейінгі жолдың жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Быыл өңіріміздің тағы бір көрікті жері саналатын Бұрқанбұлақ сарқырамасына дейінгі жолдың құрылысы басталды. Сонымен қатар инженерлік инфрақұрылыммен қамту жұмыстары да жүргізілуде. Осылайша, біздің тарапымыздан туристік нысандарды қолжетімді ету мен саланы дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған тиісті жұмыстар жүргізілуде, - деді облыс әкімі.

Ол сондай-ақ жыл соңына дейін өңірде облыстық туризм басқармасы құрылып, аудан және қала деңгейінде туризм мамандарының саны артатынын хабарлады. Және де келесі шоғылу маусымы басталғанға дейін Алакөл, Балқаш көлдері жағалауларының санитарлық жай-күйіне жауапты коммуналдық кәсіпорын құрылmaq. Осыған байланысты кадр мәселесі өзекті болып отыр.

— Бізге тіл білетін, туризмді дамытуға заманауи көзқарасы бар мамандар қажет. Осы мақсатта былал Алакөл ауданындағы колледжде туризм мамандығы ашылды. Жетісу университетінде де осы бағытта мамандар даярлануда. Әрине, бұл — тек бастамасы ғана. Білікті мамандарды тарту ісіне жергілікті туристік бизнес қауымдастығы да белсенді араласуы тиіс. Бізге аудармашылар, гидтер, мейн-джерлер, ұйымдастырушылар керек. Бұл — туризмнің табысты дамуының маңызды факторының бірі, — деген Б. Исабаев сөзді туризм саласына жетекшілік ететін орынбасары Әсет Қанағатовқа берді.

Өз сөзінде А. Қанағатов өңірде туризмді дамыту және проблемалық мәселелерді шешу бағытында қабылданып жатқан шараларға кеңінен тоқталды. Ол ең алдымен жол және инженерлік инфрақұрылымды дамыту басым бағыттардың бірі екенін атап өтіп, Алакөл мен Балқаш жағалауларында жүзеге асырылып жатқан ірі инфрақұрылымдық жобаларға, соның ішінде ретсіз құрылыстың алдын алу шараларына назар аударды. Алакөл жағалауының санитарлық жағдайы мен қауіпсіздікті, әсіресе судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері де назардан тыс қалған жоқ.

— Қабылданған шаралардың нәтижесінде өткен жылы Жетісу облысына 2 миллион турист келді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 11%-ға артық. Сонымен қатар шетелдік туристер саны 63,6%-ға өсті. Инфрақұрылымның дамуы орналастыру орындарының көбеюіне, ақылы қызмет көлемінің артуына және тиісінше бюджет түсімдерінің өсуіне ықпал етті. Бұл көрсеткіштер



туристер үшін өңірдің тартымдылығы артып келе жатқанын және мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін айқын көрсетіп отыр, — деді А. Қанағатов.

Кездесуге қатысушылар да өз пікірлерін білдірді. Олардың арасында «Яхта» және «Тау Жетісу» демалыс аймақтары директорының орынбасары Давид Виршки бар:

— Биыл туризмге ерекше көңіл бөлінгенін сезіндік. Балқаш көліне баратын жолдың жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін келушілер саны айтарлықтай артты. Сонымен қатар Текеліде біз паралланизм бойынша бірнеше іс-шара өткіздік, оған әлемнің 50 елінен шамамен 400 ұшқыш қатысты. Бұл жұмысты келесі жылы да жалғастырамыз. Өз тарапымыздан біз инвесторларды тарту жұмысын атқарып жатырмыз. Бірлескен еңбегіміздің нәтижесі зор болатынына сенемін, өйткені біздің Жетісу көркем әрі сан қырлы, — деді Д. Виршки.

Өңірдің туристік қауымдастығының басқа да өкілдері өз сұрақтары мен ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда, оларды Бұрқанбұлақ сарқырамасына апаратын жолды жөндеу жұмыстарының аяқталу мерзімі Текелі қаласында туризмді дамытуға арналған бірыңғай мастер-жоспар құру мүмкіндігі, инвесторларды тарту жұмыстары және салаға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары қызықтырды. Барлық сұрақтарға жан-жақты жауап берілді.

Қорытынды сөзінде өңір басшысы Бейбіт Исабаев:

— Бүгін сіздермен жақсы да ашық диалог болды деп есептеймін. Туризм — өңірде ауыл шаруашылығымен қатар тұратын басым бағыттың бірі. Ақпымызда барлық мәселелерді 3 жылдың ішінде шешу ортақ міндеті тұр. Өз тарапымыздан біз қажетті жағдайларды жасап келеміз. Жетісу облысы туризм саласындағы мемлекеттік қолдауды игеру деңгейі мен тиімділігі бойынша республикада үшінші орында. Бизнес қауымдастығы да өз тарапынан инвесторлар тартып, ілгерілету мен жарнамалау жұмыстарымен айналысуы керек. Осылайша күш-жігерімізді біріктіру арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін нәтижеге жете аламыз, — деп сөзін түйіндеді ол. Сондай-ақ ол жауапты тұлғаларға туристік нысандарды заңдастыру, кәсіпкерлердің адал қызметін ынталандыру, туристік инфрақұрылым жобаларын сапалы әрі уақытылы аяқтау, туризм басқармасын құру туралы бірқатар тапсырмалар берді.

Осы күні жиын аясында туризмді дамытуға үлес қосып жүрген ұйымдардың қызметі мен өнімдері ұсынылған көрме ұйымдастырылды. Өңірдің туристік мүмкіндіктері туралы «Visit Zhetyysay» туристік ақпарат орталығының, «Қорғас» ШЫХО-ның, «Жоңғар Алатауы» және «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи парктарының өкілдері баяндады. Туристік клубтар, облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм федерациясы және Текелі қаласындағы балалар - жасөспірімдер туризмі мен өлкетану орталығы осы салада жеткен жетістіктерімен бөлісті. Сондай-ақ қолөнершілер мен кәсіпорындар өңірдің брендтік өнімдерін көпшілік назарына ұсынды. Көрме қатысушыларымен өңімделескен облыс әкімі Бейбіт Исабаев олардың бәрине өңір туризмін дамытуға қосқан үлестері үшін алғысын білдірді.

Фотограф: Жеңіс Ысқабаев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

## КАРТОП ЖИНАУ НАУҚАНЫ: ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА 130 МЫҢ ТОННА ӨНІМ ЖИНАЛАДЫ ДЕП ЖОСПАРЛАНҒАН



Биыл Жетісу облысында 130 мың тонна картоп жиналады деп күтілуде. Қазір науқан қызу жүріп жатыр, бүгінге орташа өнімділік гектарына 213,4 ц/га центнерге жетті, бұл өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда 5 центнерге жоғары, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, облыста 6250 гектар жерге картоп егілді. Соның бүгінгі күнге дейін 65,5 % жиналып, 87,5 мың тонна өнім қамбаға күйылды.

Картоп жинауға Ескелді ауданының шаруашылықтары да белсене кіріскен. Бұл ауданында биыл ауыл шаруашылығы

дақылдарының жалпы егіс алқабы 53 408 гектар болса, соның 1116 гектарына картоп себілген, сол қатарда «Нам» шаруа қожалығының алқабы да бар.

– Біз тәлімі бидай, қант қызылшасын, картоп, соя мен жүгері де өсіріп отырмыз. Биыл картопты 50 гектарға өктік. Жинау жұмыстарына 2 картоп жинайтын комбайн тартылып, 30 адам жұмыс істеп жатыр, ал жалпы тұрақты жұмыспен 15 адам қамтылған. Бұл ретте мемлекеттен көрсетілетін қолдаудың маңызы зор. Мәселен, қант қызылшасының тұқымына және себуге, ал картоптың тұқымына субсидия аламыз, бұл әрине біз үшін шаруашылықты одан әрі дамытуға үлкен

көмек. Өнімді өткізу де жолға қойылған, біздің картобымыз Талғардағы қытырлақ картоп шығаратын зауытқа, сол сияқты Талдықорғанның базарына жөнелтіледі, – дейді шаруашылық жетекшісі Виктор Нам.

Аудандық әкімдіктің мәліметіне сүйенсек, шаруашылықтарға мемлекет тарапынан қолдаулар көрсетілуде. Биылғы жылдың өзінде аудан шаруалары лизингіге 56 жаңа техника сатып алған. Соның арқасында техникаларын жаңарту деңгейі 7,5% болып отыр. Жалпы бүгінгі күні ауданда 6 сервистік-дайындау орталығы жұмыс істейді. Қазіргі кезеңде күзгі жиын-терінге шамамен 153 тонна арзандатылған жанар-жағармай, 5 мың тоннадан астам минералды тыңайтқыш бөлінді. Сонымен қатар биылғы жылдың 7 айында ауданда 17,2 млрд теңгеге ауыл шаруашылығы өнімі өндірілген, бұл өткен жылдың деңгейінен 5,7% жоғары.

Жалпы, биыл Жетісу облысында ауыл шаруашылығы субъектілерін қолдауға 68 млрд теңге, соның ішінде субсидиялар, жеңілдетілген несиелер, сондай-ақ техника сатып алуға арналған лизинг қаражаты қарастырылған. Оның 14,3 млрд теңгесі «Кең дала» бағдарламасы аясында бөлінді.

Фотосуреттерді түсірген: Жұмабай Мұсабеков.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## ЖЕТИСУДА БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚТА ЖЫЛЖЫМАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КЕШЕНДЕР 119 АУЫЛДА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТТІ

Жетісу облысында өткен жарты жылда жылжымалы медициналық кешен (ЖМК) өңірдің 119 ауылды қамтыды. Бұл ретте оның көмегімен 58 мыңнан астам адам медициналық тексеруден өтсе, соның 2 мыңнан астамы бала, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, ЖМК автокөлігінде кабинеттер бірнеше кабинет қарастырылған, атап айтқанда жалпы дәрігерлік кабинет, кардиолог, офтальмолог, флюорография, оториноларинголог және дәріхана пункті, стоматолог, акушер-гинеколог, хирург, рентгенолог және функционалдық диагностика, зертханалық диагностика кабинеттері орналастырылған.

Жылжымалы медициналық кешен жыл сайын бекітілген кесте бойынша барлық ауылдарды аралап, дәрігерлер ауруларды ерте кезеңде анықтауға ықпал етеді.

Мәселен, Көксу ауданындағы мұндай кешен КАМАЗ автокөлігі базасында орналастырылған. Кешеннің жетекшісі Гүлжан Қорабаеваның айтуынша, өткен жылы осы автокөліктің көмегімен ауданда 14 383 тұрғын медициналық көмек алды. Ал осы жылдың сегіз айында 5456 адам медициналық тексеруден өткен.

– Ауыл халқының санына байланысты жылжымалы емхана әр елді мекенде бірнеше күн, кейде бірнеше апта бойы жұмыс



істейді. Кешен рентген, УЗИ, тіс емдеу, электрокардиография, офтальмологиялық аппараттармен, гинекологиялық орындықпен, зертханалық құралдармен жабдықталған. Алыстағы елді мекендердің тұрғындары тиісті мамандардан қажетті медициналық көмек алады, – деді Н. Қорабаева.

ЖМК-ның жұмысының халыққа тиімділігі жайлы жуырда кешен қызмет көрсеткен Мұқыры ауылының тұрғындары пікір білдірді.

– Дәрігерлер келгенін ести сала бірден тексерістен өтуге келдім. Өзім гипертониямен есепте тұрмын. Жылжымалы кешеннің арқасында ешқайда барудың қажеті жоқ, мұнда егде жастағы адамдар үшін қолайлы жағдай жасалған, – деді Жұмаділ Жолдыбаев.

А у ы л тұрғынының бірі Дияра Юсупова да осындай пікірде:

– Мұның ыңғайлылығы сол, барлық мамандар бір жерде орналасқан. Биыл ауылдағы дәрігерлік амбулаториямыз да жаңартылды. М е д и ц и н а

мамандарының жетіспеушілігі мәселесін де шешілді, – дейді Мұқыры ауылының тұрғыны.

Атап өтсек, жергілікті дәрігерлік амбулаторияға жалпы практика дәрігері Салтанат Темірәлиева «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы арқылы келген. Жас маман бұл ауылға мемлекеттен 10 миллион теңге көлемінде бір реттік көтерме ақы алған.

– Өзім Қарағанды медициналық университетін бітіріп, Астанада интернатурадан өттім. Жолдасым осында аға фельдшер болып жұмыс істейді. Күн сайын шамамен ондаған пациентті қабылдаймыз. Амбулаторияға 3200 адам тіркелген. Менің басты міндетім – округ тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетіп, мүмкіндігінше аурудың алдын алу. Жалпы практика дәрігерлері тұтас отбасыларды бақылауға алады, біз педиатр немесе терапевт деп бөлінбейміз, бәрін білуіміз керек. Мемлекет тарапынан көрсетілген қаржылай көтерме ақы біздің жас отбасымыз үшін үлкен қолдау болды, – деді ол.

Ауыл тұрғындарына 8 ЖМК қызмет көрсетеді, оның 3-еуі КамАЗ, 5-еуі автобус базасында орналастырылған.

Фотограф: Жұмабай Мұсабеков

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРГЕ ҚАДАМ: ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТ

Президенттің 2025 жылға арналған Жолдауында жасанды интеллект технологиясын дамыту мәселесіне айрықша назар аударылды. Бұл – уақыт талабы ғана емес, елдің ертеңгі даму бағытын айқындайтын маңызды қадам.

Бүгінде жасанды интеллект тек ақпараттық технологиялар саласында ғана емес, медицина, білім, мәдениет, ауыл шаруашылығы мен өндірісте де кеңінен қолданылып келеді. Президент атап өткендей, Қазақстан осы саладан шет қалмауы керек. Ол үшін ұлттық деңгейде ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдап, жас мамандарды даярлау, заң манауи инфрақұрылым қалыптастыру аса маңызды.

Әсіресе білім беру жүйесінде жасанды интеллекттің орны ерекше болмақ. Ақылды технологиялар оқушылардың жеке қабілетіне қарай білім алуына жағдай жасап, мұғалімдерге қосымша мүмкіндік береді. Ал мәдениет саласында тарихи мұраларды цифрландыру, сирек қорларды сақтау және көпшілікке қолжетімді етуге жол ашады.

Жолдауда айтылған бастамалар елімізді жаңа инновациялық белеске көтеретіні сөзсіз. Жасанды интеллект – тек технология емес, ол – ұлттық интелектуалдық әлеуетін арттыратын құрал. Демек, әрбір сала мамандары осы мүмкіндікті тиімді пайдалана білсе, Қазақстан болашақта цифрлық державалардың қатарына қосылары анық.

Ж.ШЫНДАУЛЕТ,  
Аудандық кітапхананың библиографы.

## ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН ҚАДАМДАР

Президенттің Жолдауы – тек экономикалық немесе әлеуметтік мәселелерге қатысты айтылған сөздер ғана емес, елдің болашағын айқындайтын, ұлттық бірлікті сақтап, дамуды қамтамасыз етуге бағытталған маңызды бағдарлама. Ол мемлекет пен қоғамның даму жолын белгілеп, халықтың ортақ мақсатқа бірігуіне негіз болады. Жолдауда көрсетілген басым бағыттар мен бастамалар еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету, жастардың әлеуетін арттыру, ауылды дамыту және ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған нақты қадамдарды қамтиды.

Жолдаудың қоғамдық мәні

Жолдаудың негізгі қоғамдық мәні – бұл елдің ортақ болашағына көзқарасты айқындау, халықтың қажеттіліктеріне сәйкес бағыттарды белгілеу. Президент өзінің Жолдауында Қазақстанның әрбір азаматына, оның ішінде жас ұрпаққа, ауыл тұрғындарына, ардагерлер мен барлық әлеуметтік топтарға ерекше көңіл бөледі. Бұл да қоғамның бірлігін сақтауға бағытталған маңызды қадам. Тек елдің болашағы үшін ғана емес, әрбір адамның әлеуметтік жағдайы мен өмір сүру сапасын арттыру мақсатында атқарылатын шаралар жүзеге асырылуы тиіс.

Президенттің Жолдауы арқылы көрсетілген басты бағыттардың бірі – жастарға жағдай жасау және оларды қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптастыру. Жастар елдің болашағын құрайды, сондықтан олардың әлеуетін толық ашуға жағдай жасау аса маңызды. Жолдауда жастарға арналған білім беру, жұмысқа орналастыру, кәсіпкерлік мүмкіндіктерін арттыру мәселелері қозғалды. Бұл бастамалар жастардың өмірін жақсартуға, оларды ел экономикасына тиімді түрде тартуға мүмкіндік береді.

Елдің болашағы үшін маңызды тағы бір аспект – ауылды дамыту. Ауыл шаруашылығы мен ауылды жерлерде тұратын адамдарға арналған шаралар Жолдауда кеңінен қарастырылған. Жаңа технологияларды енгізу, ауыл шаруашылығын қолдау, ауылдық инфрақұрылымды дамыту – осының бәрі ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартуға және ауылдан қалаға көшу үрдісін азайтуға септігін тигізеді. Бұл қадамдар ауылдың экономикалық әлеуетін арттырып, ауылдағы жұмыссыздықты төмендетуге бағытталған.

Елдің болашағы мен бірлігін қамтамасыз ету үшін ұлттық қауіпсіздікті күшейту маңызды. Жолдауда еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Тек экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық қана емес, сонымен қатар қауіпсіздік мәселесі де еліміздің болашағы үшін аса маңызды. Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік жүйесіндегі рөлі, қорғаныс қабілетінің деңгейі мен армияның дайындығы – бұл тек мемлекет үшін ғана емес, халық үшін де маңызды мәселе. Сондықтан, Президенттің ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған қадамдары біздің болашақта бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға көмектеседі.

Жолдаудың тағы бір маңызды элементі – ел ішіндегі этносаралық және діни тұрақтылықты сақтауға бағытталған бастамалар. Қазақстан көпэтносты және көпконфессиялы мемлекет ретінде елде бірлік пен келісім орнатуға баса назар аударады. Бұл бағытта мемлекет басшысы халықтың бірлігін нығайту, еліміздегі әрбір азаматтың құқықтарын қорғау, барша қазақстандықтардың теңдігін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Ұлы Абай «Өнер алды – қызыл тіл» десе, Жүсіп Баласағұн «Тілінді сақта – өзінді сақтайсың» деген. Бұдан тілдің құдіретін бағалаған халықтың рухани тереңдігін көреміз. Қазақтың шешен билері Төле, Қазыбек, Әйтеке елді бірлікке шақырып, әділдікті сөзбен орнатты. Демек, тіл – тек қатынас құралы ғана емес, ол елді ұйыстыратын күш, халықты біріктіретін алтын арқау.

Қазақ тілі ата-бабадан бізге жеткен аманат. Бұл ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан шежірелі мұра. Қазіргі таңда қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі бар. Бұл тәуелсіздігіміздің ең үлкен жетістігі. Дегенмен, тілдің заңдық мәртебесін бекіту жеткіліксіз,

оны күнделікті өмірде қолдану, жас ұрпақтың бойына сіңіру бәріміздің ортақ міндетіміз. Бүгінгі жаһандан заманында әр тілдің алдында үлкен сын тұр. Көпұлтты қоғамда қазақ тілін ардақтап, өрісін кеңейту елдің болашағына жасалған қамқорлық. «Ана тілін ардақтамаған бала ата дәстүрін қастерлемейді» деген сөз бар. Сондықтан, тілдің қадірін қастерлеу – ұлттық болмысты сақтау, рухани тәуелсіздікті нығайту деген сөз.

Қорыта айтқанда, тіл – халықтың жаны, ойдың қазынасы, рухтың тірегі. «Тілім барда айтылар сөз ойдағы» деген сөз – әрбір қазақ баласы үшін мәңгілік өмірлік ұстаным болуы тиіс. Өз тілінде ойлап, өз тілінде сөйлеп, өз тілінде жырлап, өз тілінде ғылым мен білімді меңгеру – нағыз елжандылықтың белгісі. Тіліміз аман болса, ойымыз бен сөзіміз де аман.

Асемгүл ҚҰСАЙНОВА,  
Жастар ауылдық кітапханасының кітапханашысы

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі. Сыбайлас жемқорлықта «Мүлдем төзбеушілік» қағидасының бір бөлшегі. Оны осы бастан тоқтатпаса тұрақты індетке айналып, мемлекеттің өсіп-өркендеуіне кедергі болмақ. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі болып қалыптасқан «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде бүгінгі таңда

мемлекет тарапынан «е-Otinish», ашық үкімет порталдары құрылған. Осы портал арқылы барлық мемлекеттік органдарға өз уәждері мен ұсынымдарын жолданым ретінде жіберуге болады. Сонымен қатар, барлық көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бүгінгі таңда 80 пайыз электронды форматта көрсетіледі, бұл формат қызметалушыларға өте қолайлы, себебі кез келген жерден етініш жолдай алады және де мемлекеттік органға келуді талап етпейді сол себепті жемқорлық тәуекелін де алып тастайды. Бүгінгі таңда біздің аппаратымызда «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» деген тақырыпта тоқсан сайын қызықты викторина ойындар жүргізіледі, сонымен қатар аппарат қызметкерлерімен

тоқсан сайын сыбайлас тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілуде. Бұл жұмыстар қызметкерлер арасында барлық күш жігерді біріктіріп, мемлекет қызметшінің имиджінін барлық қырынан мінсіз болуды, сонымен бірге қызметкер бойында әдеп пен адалдық қасиеттерінің қалыптасуына және ұстануына себеп болуда. Мемлекеттік органымызда округ тұрғындарына ашықтық принципін ұстану ретінде барлық ақпарат стөндерде орналасқан. Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы да орналастырылған. Келер болашақ өз қолымызда дұрыс таңдау жасап адал жұмыс жасайық.

М.Жумабаев  
Көкжазық ауылдық округінің әкімі

## МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ - КІТАПХАНА

Адамды адам еткен- кітап , адамзат еткен- кітапхана.

Ә.Кекілбаев

Жер бетіндегі аса құнды, өзінің қасиетін жоғалтпайтын, адамның жанына азық болатын ол әрине кітап. Алғаш қолға қалам алып, әріп тани бастағаннан ақ өркімнің жазып, сызып, оқып көруге талпынысы арта түседі. Бұл кітаптың құдіреттілігі. Адам бойына ерекше күш беретін асыл қазынаны сақтау әр адамның міндеті деп білемін. Өткен заман мен бүгінгі күннің тарихын біліп, зерделеу үшін кітапхана сөрелеріндегі кітаптарды жағалап әр бетін парақтайтынымыз анық.

Алғаш рет кітапханаға келген күнім әлі есімде. Сөрелерге тізілген қалың кітаптар, әрқайсысы өз тарихын, өз құпиясын сақтап тұрғандай көрінді. Сол сәттен бастап мен кітаптардың әлеміне

еніп кеттім. Бірде бала боп қуандым, бірде есейіп мұңайдым, ал бірде кейіпкерлердің түрлі тағдырына налыдым. Осылайша мен кітапханадағы жұмысыма кірісіп кеттім. Себебі ол мені тәрбиеледі, ойымды байытты, арманыма жетеледі. Бұл жер жаныңа сая болатын мәдени орта. Онда түрлі жанрдағы кітаптарды оқып, адам өз бойына рухани күш алады, болашағына бағдар ашады. Мұнда әр адам өзіне керегін табады.

Кітапхана жай ғана кітап таратып, жинап алып отыра беретін мекен емес. Есіктен кірген оқырманның сұрағанын тауып беріп, қазіргі жаңа технологиялар негізінде түрлі шаралар өткізу. Жаңа түскен әдебиеттерді халыққа насихаттау. Оны жеткізудің сан алуан тәсілі бар. Бірі әлеуметтік желі арқылы болса енді бірі

ауқымды етіп сән-салтанатын жарастырып ұйымдастыру. Қазіргі заманның талабына сай етіп, құлаққа жағымды,көңілге қонымды етіп әдебиеттерді дәріптеу де үлкен күш-жігерді талап етеді. Қазіргі таңда ауылдық кітапханада іс-шараны әр қилы етіп өткіземін. Оқырмандарды кітап оқуға баулып, қызығушылықтарын ояту жұмыстарын жүргізудемін. Әр оқырманның кішкентай болсын кітапқа деген, кітапхана деген сүйіспеншіліктерін, ұлы сезімдерін жүрек түпкіріне ұялату үшін, «Кітапхана» деген мәдени мекенді қадір тұтуды білу үшін еңбек етудемін. Мен осындай қызметті таңдадым. Әрі қарай да талпынып, жаңа инновациялық тәсілдермен атадан қалған аманатты аялап, ардақтаймын. Себебі – менің таңдауым кітапхана.

Айжан НҮСІП,  
Көкжазық ауылдық кітапханасының кітапханашысы

## ОТБАСЫМ – БАҚЫТ МЕКЕНІМ

айналады.

Шынайы бақыт деген мен үшін байлықта немесе дүние-мүлікте емес, отбасындағы татулық пен берекеде. Бір-біріне қолдау көрсетіп, қиын сәттерде демеу болу үлкен игіліктің бастауы. Жылы сөз, қолдау,қорғау, жақсы қарым-қатынас пен сыйластық отбасы мүшелерін әрдайым бір-біріне деген сенімділіктерін жақылдатады.

Қазақ халқында «Отан – отбасынан басталады» деген дана сөз бар. Расында да, елге деген сүйіспеншілік ең алдымен өз үйіңді, өз ата-анаңды,

бауырларыңды сыйлаудан, балаларыңа жақсы тәрбие беруден бастау алады. Сондықтан әрбіріміз үшін отбасы – ең қымбат, ең аяулы мекен. Ол біздің бақыт пен шаттықтың, қуаныш пен сенімнің сарқылмас бұлағы.

Әр шаңырақтың тірегі болып отырған асқар тау әкелер мен ардақты аналар,өмірдің жалғасы боп жүрген жандар аман болсын. “Отбасы күні” құтты болсын!

Асемгүл ҚҰСАЙНОВА,  
Жастар ауылдық кітапханасының кітапханашысы

мен кітапханамызда «Отбасы өмір аясы» атты кездесу өткізілді. Оқырмандарымыз өнерде қос аққудай бірге жүзген жұбайларға көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптарын алды.

Қонақтарымыз отбасы құндылығы мен өнер жолында бірге жүргеннің қызығы мен қиындығын тілге тиек етті. Сондай – ақ әннен шашу шашты. Өнерлеріңіз өрге жүзіп, шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын!

Әуезді өндеріңізбен, жүрекке жеткен жырларыңызбен Халыққа қуаныш сыйлай беріңіздер. Бір-біріңізге тірек болып, Өмірлеріңіз бақыт пен берекеге толсын дейміз.

Роза Әбдірахман,  
Аудандық кітапхананың кітапханашысы

## ЕҢБЕК БӘРІН ЖЕҢБЕК

Өткен уақытқа көз жүгіртсек, өркениеттің, ғылым мен мәдениеттің дамуының түпкі негізінде әрқашан еңбек тұрғанын көреміз. «Еңбек бәрін жеңбек» деген халық даналығы бекер айтылмаса керек. Еңбек – адамды шыңдайтын, мақсатқа жеткізетін, өмірге мән беретін ең асыл құндылық.

Менің түсінігімде еңбектің мәні тек күнкөріс қамы ғана емес, ол адамның рухани дамуына да жол ашады. Жас ұрпақтың бойына еңбекқорлықты сіңіру болашаққа берілген бағдар. Еңбексүйгіш адам ешқашан жамандыққа ұрынбайды, керісінше, адал маңдай терімен отбасын асырап, елінің дамуына үлес қосады. Қазақ халқы өрқашан еңбекті жоғары бағалаған. Мал шаруашылығы мен жер өңдеуден бастап, қолөнер мен білім-ғылымға дейінгі әрбір істің түпкі тірегі еңбек болды. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалда жастар үшін өмірлік қағида деп білемін.

Қазіргі заманда да еңбектің орны айрықша. Тек қажырлы еңбек арқылы ғана адам арманына жетіп, қоғамда өз орнын табады. Білім алуда да, өнерде де, ғылым мен спортта да табысқа апаратын жалғыз жол – еңбек.

Еңбек – өмірдің қозғаушы күші, жетістікке бастар жолдың кілті. Әрбір жас еңбекқор, табанды болса, болашағы да жарқын болмақ. Сондықтан «Еңбек бәрін жеңбек» деген даналықты өмірлік ұстанымға айналдыру әрқайсымыздың парызымыз.

Асемгүл ҚҰСАЙНОВА,  
Жастар ауылдық кітапханасының кітапханашысы

## «КӨКЖАЗЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»ММ-МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

- «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою»,  
- «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»,  
- «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату»  
- «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу»  
- «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру»

Электрондық қызметтерді пайдалану үшін, ең алдымен электрондық-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі-ЭЦҚ) болуы қажет, оны Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО-ға) жүгініп немесе өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышынан egov.kz порталы немесе rki.gov.kz сайтынан алып, әрі-қарай флэш-карта, жеке куәлікке немесе сандық бұлтқа жүктеп сақтауға болады.

Сондай-ақ, әкімдік ғимаратында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді, онда кез келген уақытта сіз барлық қажетті қызметтерді (анықтамалардың барлық түрлерін) ала аласыз, біз сізге міндетті түрде кеңес береміз және қандай да бір қызметті алуда көмек көрсетеміз.

Сіздердің әрқайсыларыңыз Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне телефон арқылы шағымдануға құқығыңыз бар. Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде өз құқықтарыңыз бен, бостандықтарыңыз бен заңды мүдделеріңізді қорғау үшін, сондай-ақ, оларды ұсыну сапасын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу үшін Call-центр 1424 немесе телеграмм бот Saraly Qyzmet-ке хабарласыңыздар.

А.К. АЛПЫСБАЕВА (87283635182)  
«Көкжазық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы

## ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығы – әрбір елдің өркендеуінің, азаматтарының бейбіт өмір сүруінің басты кепілі. Ал бұл тұрақтылықты қамтамасыз етуде құқық бұзушылықтың алдын алу, яғни оның профилактикасы аса маңызды рөл атқарады. Құқық бұзушылық профилактикасы – тек құқық қорғау органдарының міндеті ғана емес, бұл – бүкіл қоғам болып атсалысатын ортақ іс.

Профилактика – қылмыстың алдын алудың тиімді жолы. Құқық бұзушылықтың алдын алу – қылмыстың тамырын тереңнен үзуге бағытталған жүйелі әрі кешенді шаралар жиынтығы. Бұл жұмыс бірнеше бағытта жүргізіледі: құқықтық сауаттылықты арттыру, әлеуметтік мәселелерді шешу, жастар тәрбиесіне мән беру, қоғамдық тәртіпті күшейту және құқық қорғау органдарының бақылауын жетілдіру.

Көп жағдайда қылмыс немесе құқық бұзушылық адамның әлеуметтік жағдайының төмендігінен, құқықтық білімінің жеткіліксіздігінен, жұмыссыздықтан немесе тәрбие мен бақылаудың әлсіздігінен туындайды. Осы тұста құқық бұзушылық профилактикасы дәл осындай қауіптердің алдын алып, адамның қоғамға зиян келтірмеуіне бағытталған жұмыстарды жүргізеді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстардың ішінде жастармен жүргізілетін профилактикалық шаралар аса маңызды. Себебі, статистика көрсеткендей, құқық бұзушылықтың белгілі бір бөлігі жастар арасында орын алады. Бұл – алаңдатарлық жайт.

Осыған байланысты оқу орындарында, колледждер мен жоғары оқу орындарында түрлі кездесулер, дәрістер, семинарлар өткізіледі. Жастар арасында құқықтық тәрбие беру, олардың өмірлік бағытын дұрыс арнаға бұру – құқық бұзушылықты азайтудың ең тиімді жолдарының бірі. Сонымен қатар, спорттық, мәдени және қоғамдық іс-шараларға тарту арқылы бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік беру де – профилактиканың бір бағыты.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының нәтижелі болуы – мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам өкілдерінің, үкіметтік емес ұйымдардың, ата-аналар мен педагогтардың өзара тығыз байланысы мен бірлескен жұмысына байланысты.

Полиция қызметкерлері, мектеп инспекторлары, әлеуметтік педагогтар мен психологтар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері бірігіп, әрбір қауіпті топтағы адаммен жеке жұмыс жүргізіп, олардың қоғамға қайта бейімделуіне мүмкіндік жасайды. Мұндай кешенді шаралар тек жазалауға емес, алдын алуға басымдық берудің маңыздылығын көрсетеді.

Қоғамдық тұрақтылық – бұл жай ғана тыныш өмір сүру емес, бұл – ертеңгі күнге деген сенімділік, бала-шағаның қауіпсіздігі, мемлекеттің дамуы мен өркендеуі. Сондықтан құқық бұзушылық профилактикасы – тек бір саланың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

## ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ – ЕЛГЕ ҮЛГІ



Қазақ халқы үшін отбасы – ырыс пен ынтымақтың орда-сы.

«Отан – отбасынан басталады» деген даналық сөзде терең мән жатыр. Әсіресе өнерлі отбасылардың қоғамдағы орны айрықша. Өнер арқылы олар жас ұрпаққа ізгілік, сұлулық пен парасаттылықты насихаттап,

мәдени мұраны жалғастырып келеді.

Отбасылардың еңбегі – ұлт руханиятының дамуына қосылған баға жетпес үлес. Ән мен күйге, жырға, қолөнерге жақын шаңырақ – тек өз әулетін ғана емес, тұтас қоғамды өнерге Өнерлі жанұя –

баулиды. шаңырақтың, берекелі шығармашылықтың, бірліктің айқын көрінісі.

Осындай өнерлі отбасы аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері әнші Жадайханов Ринат және жұбайы Баймухамбетова Айнұр Естемесқызы

## МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫ – ПАРТИЯ НАЗАРЫНДА

Білім саласын қолдау – еліміздің келешегіне салынған инвестиция. Осы орайда «AMANAT» партиясы Ескелді аудандық Сайлауалды бағдарламасының Жол картасы аясында Бақтыбай ауылдық округіне қарасты Елтай ауылындағы Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектептің күрделі жөндеу жұмыстарының барысына мониторинг жүргізілді.

Мониторинг жұмыстарына «AMANAT» партиясы Ескелді аудандық филиалының төрағасы Саскебаев Азамат Ержанұлы, Жетісу облыстық мәслихатының депутаты Оспанов Жанат Тәңірбергенұлы, аудандық мәслихат төрағасы Сатанов Қанат Нүсіпжанұлы, және аудандық мәслихат депутаттары қатысты. Олар нысандағы атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, мектептің қазіргі ахуалын өз көздерімен көріп қайтты.

Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталықпен бірге Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылы, Жансүгіров көшесінде орналасқан. Мектеп ғимараты 1986 жылы 1176 оқушыға арналған жобамен салынып, жалпы көлемі 5079,7 шаршы метрді құрайды. Қазіргі уақытта нысанда ғимаратты бөлшектеу жұмыстары жүргізілуде.

Жобаға тапсырыс беруші – Жетісу облысының құрылыс басқармасы, ал мердігер ұйым – ТОО «СП NEFT»жүзеге асыруда.

«AMANAT» партиясы жөндеу жұмыстарының сапалы әрі мерзімінде орындалуын өз бақылауында ұстап отыр. Партия өкілдері бұл нысанның тек білім беру сапасына ғана емес, ауыл болашағына да ықпал ететін маңызды әлеуметтік жоба екенін атап өтті.

Елтай ауылындағы тұрғындар мен оқушылар қауымы аталған мектептің жаңа кейіпте қайта ашылуын асыға күтуде. Жөндеу жұмыстарының нәтижесінде білім ордасы заманауи стандарттарға сай, қауіпсіз және жайлы ортаға айналады деп күтілуде.



## ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ БЕЗОПАСНОСТИ ПАЦИЕНТОВ - 17 СЕНТЯБРЯ

Безопасная помощь каждому новорожденному и каждому ребенку  
Безопасность пациентов – с самого начала!  
Всемирный день безопасности пациентов – повод дополнительно информировать общественность о проблеме, активизировать сотрудничество между заинтересованными сторонами и мобилизовать усилия мирового сообщества по повышению безопасности пациентов.  
Кампания этого года проходит в рамках темы «Безопасная помощь каждому новорожденному и каждому ребенку» под лозунгом «Безопасность пациентов – с

самого начала!» и призвана напомнить о том, что данная возрастная группа подвергается повышенному риску ущерба при небезопасном оказании медицинской помощи. Ведь каждый ребенок имеет право на безопасное и качественное медицинское обслуживание с самых первых дней жизни. Однако, ввиду быстрого роста, постоянно меняющихся потребностей в сфере охраны здоровья и особенностей заболеваемости, новорожденные и дети раннего возраста подвержены повышенному риску. Они зависят от взрослых, которые являются выразителями их потребностей и принимают

касающиеся их решения. В зависимости от семейного социально-экономического статуса дети могут сталкиваться с дополнительными проблемами, например с отсутствием возможности получения необходимой медицинской помощи.  
В силу этих факторов дети в большей степени подвержены риску вреда при оказании медицинской помощи, если она не адаптирована с учетом их возраста, роста/массы тела, состояния здоровья и индивидуальных условий.  
Г.С. Калиякберова,  
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ  
специалист кабинета ЗОЖ

## «АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРГЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖӘНЕ ТҰРУҒА КЕЛГЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, БІЛІМ БЕРУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ, МӘДЕНИЕТ, СПОРТ ЖӘНЕ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРҒА, АУЫЛДАР, КЕНТТЕР, АУЫЛДЫҚ ОҚРУГТЕР ӘКІМДЕРІ АППАРАТТАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ҰСЫНУ

Ескелді ауданының «экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі,  
«Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шаралары» мемлекеттік қызметін көрсетеді.  
Басты шарт - мамандар көтерме жәрдемақы және кредит алған кезде ауылдық елді мекенде орналасқан ұйымда тиісті мамандық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс істеуге міндеттеме алады. Мамандардың көтерме жәрдемақы және кредит алуға өтініш беруі және жергілікті атқарушы органның мақұлдауы Банк порталында жүзеге асырылады. Кредит алуға өтініш беру үшін маман <https://otbasubank.kz/> порталына тіркеліп, Жеке кабинетке кіруі тиіс, жеке тұлғаның ЭЦҚ болуы тиіс, мобильді азаматтар базасында тіркелген болуы тиіс.  
Қосымша ақпаратты Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі №67 мекен-жайы арқылы немесе 8/72836/30916 телефонына хабарласып білуге болады.

С. ЖАЙНАҚОВА,  
Аудандық экономика және қаржы бөлімінің бас маманы

## ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА!

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ескелді аудандық аумақтық инспекциясы – еліміздің ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырушы негізгі мекемелердің бірі. Инспекцияның басты мақсаты – өңірдегі ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, жануарлардан адамға жұғуы мүмкін аса қауіпті аурулардың алдын алу, ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау.  
Ескелді аудандық аумақтық инспекциясы ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің құрылымдық бөлімшесі ретінде аудан көлемінде үш негізгі мемлекеттік қызметті көрсетеді.  
Бұл мемлекеттік қызметтер ҚР АШМ-нің №7-1/453 және №7-1/647 бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырылады.  
1. Ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру.  
Мемлекеттік қызметті алушы (жеке немесе заңды тұлға) тарапынан өтініш келіп түскеннен кейін, инспекция ветеринариялық бақылауға жататын нысандарды тексеріп, (мал сою пункттері, сақтау қоймалары, өндірістік алаңдар және т.б.) ветеринариялық-санитариялық талаптардың орындалуын сараптайды. Нәтижесінде объектінің талаптарға сәйкестігін дәлелдейтін ресми ветеринариялық-санитариялық қорытынды беріледі.  
2. Орны ауыстырылатын объектілердің экспорт, импорт және транзитіне рұқсаттар беру.  
Жануарлар, мал өнімдері, жемішөп және ветеринариялық мақсаттағы басқа да тауарларды елге әкелу, елден шығару немесе Қазақстан аумағы арқылы транзиттеу үшін инспекция тарапынан ресми рұқсат құжаттары беріледі. Бұл рұқсаттар өнімнің шығу тегі, ветеринариялық қауіпсіздігі, қарсы тарап елдің эпизоотиялық мәртебесі және халықаралық ветеринариялық талаптар ескеріле отырып, тексерілген және қауіпсіз партияларға ғана рәсімделеді.  
3. Ветеринариялық сертификат беру.  
Жануарлар мен жануар тектес өнімдерді басқа елге экспорттау кезінде тасымалдау үшін міндетті түрде ветеринариялық сертификат қажет. Бұл құжат өнімнің қауіпсіз екенін және эпизоотиялық ахуалға сай тасымалдауға жарамды екенін дәлелдейді.  
Барлық көрсетілетін қызметтер тегін, электрондық форматта [www.egov.kz](http://www.egov.kz) порталы арқылы немесе инспекция кеңсесіне келу арқылы алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі – 2–4 жұмыс күні аралығында.  
Қосымша ақпарат алу үшін Ескелді аудандық аумақтық инспекциясына хабарласуға болады.  
Байланыс телефоны: 8(72836)-3-01-38  
Электрондық үкімет порталы: [www.egov.kz](http://www.egov.kz)  
Неліктен бұл қызметтер маңызды және халыққа пайдалы?!  
1. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етеді.  
2. Аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу — жануарлар мен адамдар денсаулығын қорғау.  
Ескерту: Ветеринариялық бақылаудан тыс әрекет ету ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келеді және әкімшілік жауапкершілікке әкелуі мүмкін.  
Ескелді аудандық аумақтық инспекциясы – ветеринариялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырушы негізгі құрылым. Мекеменің кәсіби қызметі – аудан халқының денсаулығын, өнім сапасын және ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды тетігі.

Д.ӘДІЛБЕКҰЛЫ  
Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор

## HABARLANDYRU

Құрметті Алдабергенов ауылдық округінің тұрғындары!  
Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а 2020 жылдың 31 қаңтары №39/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес, «Ескелді ауданы Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі төмендегідей мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:  
- Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;  
- Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірден немесе бөліп төлеу арқылы сату;  
- Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;  
- Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру;  
- Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру.  
Толық ақпаратты мына мекен жайымыздан біле аласыздар: Алдабергенов ауылдық округі, Ленина көшесі №25, телефон:87283628576, электронды пошта: [tolegen.musapirov@mail.ru](mailto:tolegen.musapirov@mail.ru).

Алдабергенов ауылдық округінің әкімшілігінің аппараты  
\*\*\*

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НА-  
ЗАРЫНА!

«Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде «өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында» орналасқан компьютерден, өзініңдің электронды кілтіңізбен, бір сәтте керекті анықтамаларыңызды ала аласыз. Электронды порталмен жұмыс жасау кезінде қиындықтар туындайтын болса, әкімшілік қызметкерлерінен немесе 1414 номеріне хабарласып кеңес алуларыңызға болады.  
«Электрондық үкімет» «egov.kz», «Электрондық лицензия» «e.license», порталдарына кіріп, электронды цифрлы қолтаңбамен тіркеліп, келесі қызметтерді онлайн түрде алуға болады: қашықтықтан ЭЦҚ ашу (электронды цифрлы қолтаңба), мекен-жай бойынша тіркеуге тұру; тіркеуден шығару; емханаға тіркелу; әскери есеп және қауіпсіздік құжаттары, некеге тұру, жүргізуші куәлігінің уақытын ұзарту, қару жараққа рұқсат қағазына өтініш беру, жеке басында мүліктің тіркелуі, тіркелмеуі, соттылығы бар, жоқтығы туралы және ден саулығына байланысты анықтамалар, мүмкіншілігі шектеулі азаматтар үй кезегіне тұру, балаларға жәрдем ақы тағайындауға өтініш білдіру, зейнет ақы жинақтары туралы және тағы басқа анықтамаларды электронды, жылдам және тегін алуға болады.  
Толық ақпаратты мына мекен жайымыздан біле аласыздар: Алдабергенов ауылдық округі, Ленина көшесі №25, телефон:87283628576, электронды пошта: [tolegen.musapirov@mail.ru](mailto:tolegen.musapirov@mail.ru).

\*\*\*

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛИЙ АЛДАБЕРГЕНОВСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА  
ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!

В государственном учреждении «Аппарата акима Алдабергеновского сельского округа» имеется «уголок самообслуживания», где при помощи электронно цифрового ключа можете получить необходимые справки. При возникновении трудностей во время работы с электронным порталом можете получить консультацию у государственных служащих, либо необходимо связаться с оператором по номеру 1414.  
Дополнительную информацию можно узнать: село Алдабергеново, улица Ленина №25, телефон:87283628576, электронный адрес: [tolegen.musapirov@mail.ru](mailto:tolegen.musapirov@mail.ru).

\*\*\*

ГУ «Аппарат акима Кокжызыкского сельского округа» предоставляет следующие виды государственных услуг:  
- «Постановка на очередь на получение земельного участка»,  
- «Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка»,  
- «Предоставление земельного участка из земель поселка, села»  
- «Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов)»  
- «Продажа земельного участка в частную собственность» одновременно либо в рассрочку  
Чтобы воспользоваться электронными услугами необходимо, прежде всего, иметь электронно-цифровую подпись (далее -ЭЦП) получить ее можно в центре обслуживания населения (ЦОН) либо в уголке самообслуживания на портале [egov.kz](http://egov.kz) либо на сайте [rki.gov.kz](http://rki.gov.kz) сохранить его на носителе как флеш карта, удостоверение личности либо сохранить в цифровом облаке.  
Так же в здании акимата действует уголок самообслуживания где в любое время вы можете получить все виды вам необходимых услуг, мы обязательно Вас проконсультируем и окажем помощь в получении необходимых услуг.  
Каждый из Вас имеет право обратиться с жалобой в Агентство по делам государственной службы в Call-центр 1424 либо телеграмм бот Sapaly Qyzmet для защиты своих прав, свобод и законных интересов при получении государственных услуг, а также для внесения предложений по улучшению качества их предоставления.  
Главный специалист ГУ «Аппарат акима Кокжызыкского сельского округа» Алпысбаева А.К. (87283635182)  
\*\*\*

ҚҰРМЕТТІ КӘСІПКЕЛЕР МЕН ҰЙЫМДАР!

Сіздерді 2025 жылғы 25 қыркүйекте сағат 15:00-де өткізілетін Бірыңғай есеп беру күніне қатысуға шақырамыз.  
Іс-шараны өкізудің мақсаты: қауіпсіз қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпкерлік субъектілері мен ұйымдардың құқықтық сауаттылығын арттыру, мемлекеттің бақылау-қадағалау қызметін реформалауды іске асыру шеңберінде мемлекеттік бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша заңнаманың міндетті талаптары бұзушылықтарының жүйелі профилактикасын дамыту бойынша Бірыңғай есеп беру күні өткізіледі.  
Өткізу нысаны: Бірыңғай есеп беру күні кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік бақылау мен қадағалауды және Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылушылықтары профилактикасын жүзеге асыру нәтижелерін талқылау бойынша кездесу нысанында өткізіледі.  
Өткізу орны: Талдықоған қаласы. «Бірлік» ықшам ауданы, Астана даңғылы, 2 А Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасының ғимараты.  
\*\*\*

УВАЖАЕМЫЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ И ОРГАНИЗАЦИИ!

Прилашаем вас принять участие в Едином дне отчета, который состоится 25 сентября 2025 года в 15:00 часов.  
Цель проведения: повышение правовой грамотности субъектов предпринимательства и организаций для осуществления безопасной деятельности, развитие системной профилактики нарушений обязательных требований законодательства по вопросам государственного контроля и надзора в рамках реализации реформы контрольно-надзорной деятельности государства.  
Формат проведения: Единый день отчета проводится в форме встречи по обсуждению с субъектами предпринимательства результатов осуществления государственного контроля и надзора и профилактике нарушений законодательства Республики Казахстан.  
Место проведения: город Талдықорған, «Бірлік» микрорайон, проспект Астана, 2 А, здание палаты предпринимателей области Жетісу.

|                                                                                                                                  |                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                            |                                                                               |                                                                                                                                                                      |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Меншік иесі:<br>«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС<br>директор - бас редактор<br>Инкар Ерболқызы<br>НҰРСҰЛТАНОВА.<br>Редакцияның телефоны 3-19-15 | Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады. | Эл. мекенжайымыз: <a href="mailto:Eskeldi_eli@mail.ru">Eskeldi_eli@mail.ru</a><br>Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации. | Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй | Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй. | Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1373 Көлемі 2 баспа табақ. | Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|